

"Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды келісу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі тәрағасының 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 89 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі тәрағасының 2013 жылғы 01 сәуірдегі № 87 Бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылды 10 сәуірде № 8426 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі статистика комитеті тәрағасының м.а. 2016 жылғы 17 мамырдағы № 89 бүйрығымен

Ескеरту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрлігі статистика комитеті тәрағасының м.а. 17.05.2016 № 89 (алғашы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерін жинауға арналған нысандарды келісу рәсімдерін жетілдіру мақсатында, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2-тармақшасына сәйкес, **БҮЙЫРАМЫН:**

1. "Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды келісу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі тәрағасының 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 89 бүйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2012 жылғы 16 мамырдағы № 7658 болып тіркелген, 2012 жылғы 23 маусымдағы № 339-345 (27419) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Жоғарыда көрсетілген бүйрықпен бекітілген Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды келісу жөніндегі нұсқаулықта:

5–тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Әкімшілік дереккөздер әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы актінің жобасын уәкілдепті органға келісуге жолдау кезінде мыналарды қамтамасыз етсін:

1) әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандардың титулдық бетінің мазмұнын осы Нұсқаулықтың қосымшасына сәйкес;

2) әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсінікті;

3) Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандардың қолданылуын.".

8–тармақтың екінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Статистикалық ақпаратты тұзу үшін әкімшілік деректерді пайдалануда уәкілетті органның салалық департаменттері уәкілетті департаментке қажетті әкімшілік деректердің тізбесін ұсынады.".

11-тармақтың екінші бөлімі жаңа редакцияда жазылсын:

"Жобада осы нұсқаулықтың 5, 9, 10-тармақтарына сәйкес келмейтін шарттар анықталған жағдайда уәкілетті департамент әкімшілік дереккөзге Жобаны келісуден бас тартатындығы туралы жазбаша негіздең дайындаиды.".

Жоғарыда көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды келісу жөніндегі нұсқаулықтың қосымшасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Заң департаменті (С.С. Жасұзақов) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жауапты хатшысы Н.С. Айдапковке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Ә. Смайылов

"Әкімшілік деректерді жинауга арналған
нысандарды келісу жөніндегі
нұсқаулықты
бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі төрағасының
2012 жылғы 13 сәуірдегі

№ 89 бұйрығына өзгерістер
енгізу туралы" 2013 жылғы 1 сәуірдегі
№ 87 бұйрыққа қосымша
Әкімшілік деректерді жинауга арналған
нысандарды келісу жөніндегі

нұсқаулыққа
қосымша

Әкімшілік деректерді жинауга арналған нысандарға титулдық бетінің мазмұны

Әкімшілік деректерді жинауга арналған нысан мыналар көрсетілген титулдық беттен тұруы тиіс:

нысан бекітілген бұйрықтың күні мен нөмірі;
нысан кімге ұсынылады;
ақпаратты ұсыну кезеңділігі;
ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы;
нысан атауы;
нысанның индексі (нысан атауының әріптік-сандық қысқаша көрінісі);
нысанды ұсыну мерзімі;
есептік кезең;
Нысанның жауапты лауазымды тұлғамен қол қойылып, мөрмен бекітілуі тиіс
ұлгілік мекенжайлық бөлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК